Тоңазытқыш пайдаланушы нұсқаулығы

ADFRW510W/ADFRS510W/ADFRI510W/ADFRB510W/ADFRB510WD

таңғажайып мүмкіндіктер

ASCOLI компаниясының бұйымын сатып алғаныңыз үшін рахмет

Еден құрылғысы

4784075

Мұздату камерасы бар тоңазытқышты сатып алғаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Өтінеміз, назар аударыңыз:

- Бұйымды қолданар алдында «Қауіпсіздік жөніндегі ескертулер» бөлімінің мазмұнына назар аударуыңызды сұраймыз.
- «Пайдаланушы нұсқаулығын» оқып болғаннан кейін, кейінгі кеңес беру үшін қауіпсіз жерде сақтап қойыңыз.
- Біздің өнімнің үнемі жетілдіріліп отырылуына байланысты келесі ықтимал өзгертулер алдын ала ескертусіз енгізілетін болады.

Мазмұны:

Жиынтықтауыштар 1

Қауіпсіздік жөніндегі ескертулер 2

Орналастыру 3

Жұмыс барысындағы тексеру 4

Тамақ өнімдерін сақтау 5

Техникалық қызмет көрсету 8

Ақауларды жою 9

Техникалық сипаттамалары 11

Назар аударыңыз 12

Есіктің тұтқаларын орнату бойынша нұсқаулар 13

Еске салу:

Құрметті м-за / х-ным:

Есіктің үлдірі - бұл пластикалық қорғаныс үлдір болып табылады.
Ол тасымалдау кезінде құрылғыңыздың зақымдалмауы үшін қолданылады.
Сіз оны қалауыңыз бойынша қалдырсаңыз болады немесе алып тастай аласыз.

Жиынтықтауыштар



Егер сіздің мұздату камерасы бар тоңазытқышыңыздың үлгісінде суретте көрсетілгеннен кейбір айырмашылықтар болса, нақты үлгіні басшылыққа алыңыз.

Енгізілген өзгерістер мен жаңартулар туралы алдын-ала ескертпегеніміз үшін кешірім сұраймыз.

Қауіпсіздік жөніндегі ескертулер

Әрдайым қауіпсіздік жөніндегі төмендегі нұсқауларды орындаңыз:



- Аспап қосылған электр желісіндегі кернеу аспаптың электрлік сипаттамаларында көрсетілгендей болуы керек және қосылу үшін жерге қосылған стандартты розетканы пайдаланыңыз.
- Аспап тұтанатын немесе жарылу қаупі бар булар жоқ ортада жұмыс істеуі тиіс. Аспап камерасына тұтанғыш заттарды, қойылтылған қышқылдар мен сілтілерді, ұшпалы булану өндіретін өнімдерді орналастыруға тыйым салынады.



- Ішкі жарықтандыру шамын ауыстыру немесе тоңазытқышты жөндеу бойынша операцияларды орындамас бұрын, аспаптың ашасын электр тарату желісінің розеткасынан алыңыз.
- Кез келген ерекше иіс немесе түтін пайда болған кезде, аспаптың ашасын электр тарату желісінің розеткасынан дереу шығарып, жергілікті сервис орталығына хабарласыңыз.
- Аспаптың корпусына судың төгілуіне жол бермеңіз. Аспапқа су толтырылған ыдыстарды салмаңыз. Тоңазытқышқа ылғал түскен кезде электр оқшаулауының тиімділігі әлсіреуі мүмкін.



- Есікке отыру немесе іліну өте қауіпті және аспаптың аударылуына және тоңазытқышта (немесе онда) тұрған заттардың құлауына әкелуі мүмкін.
- Бұл аспап, олар үшін олардың қауіпсіздігіне жауапты тұлға тарапынан қадағалау немесе нұсқама қамтамасыз етілген жағдайларды қоспағанда, дене, сенсорлық немесе ақыл-ой мүмкіндіктері шектеулі немесе қажетті тәжірибесі мен білімі жоқ адамдардың (балаларды қоса алғанда) пайдалануына арналмаған. Балалар аспаппен ойнамайтындығына көз жеткізу үшін бақылауда болуы керек.



- Желілік кәбіл зақымданған жағдайда оны электр тоғымен зақымдануды болдырмау үшін өндіруші, өндірушінің техникалық қызмет көрсету жөніндегі агенті немесе басқа да білікті тұлғалар ауыстыруы тиіс

Орналастыру

Аспап жақсы желдетілетін және құрғақ ортада орналасуы керек. Аспапты тікелей күн астына орналастырмаңыз және оның жылу көздерінен алыс болғанын қадағалаңыз.



Аспап тегіс және қатты бетке орналастырылуы керек. Деңгей бойынша туралау үшін алдыңғы аяқтардың биіктігін реттеңіз.



Реттеуші аяқшаларды реттеңіз

Аспапы төмен температуралы аймақтарға орналастырымаңыз.



Тиісті желдетуді қамтамасыз ету үшін суретте көрсетілгендей аспаптың айналасында жеткілікті бос орын болуы керек.



Жұмыс барысындағы тексеру

- Аспапты орналастыру және орнату бойынша барлық нұсқауларға сәйкес дұрыс орналастырылғанына және орнатылғанына көз жеткізіңіз.



- Бұрылмалы температура реттегішін орташа күйге қойыңыз, содан кейін аспаптың ашасын розеткаға салыңыз. Есікті жапқаннан кейін бірнеше минуттан кейін шкафтың қабырғалары жылы болады.



- 30 минуттан кейін мұздату камерасының есігін ашыңыз. Сіз сол жерден суық ауа келетінін сезесіз, яғни бұл аспаптың дұрыс жұмыс істейтіндігін білдіреді. Біраз уақыттан кейін термостат автоматты түрде өшіп, қосылады және тоңазытқыш камерасында және мұздату камерасында теңшеулермен белгіленген температураны сақтайды.



Тамақ өнімдерін сақтау

- Салқындатылған өнімдерге арналған бөлімде температура 0-ден 10°C-на дейінгі ауқымда сақталады және мұндай төмен температура микроорганизмдердің көбеюіне кедергі келтіретініне қарамастан, ол тамақ өнімдерін ұзақ уақыт сақтауға жарамайды.



Салқындатылған тамақ өнімдерін сақтау

- Дайындалған тағамдарды тоңазытқышқа салар алдында бөлме температурасына дейін суытыңыз.
- Өнімдерді тоңазытқышқа салмас бұрын саңылаусыз жабылған пакетке салған дұрыс.
- Жемістер мен көкөністерге арналған контейнердегі көкөністер ұзақ сақталуы үшін алдымен олардан барлық ылғалды кетіру ерек, әйтпесе олар бұзылып кетеді. Егер сіз көкөністерді пакетке салсаңыз, олар ұзақ уақыт сақталады.



Тамақ өнімдерін сақтау

Басқару реттегіші

Ол әртүрлі бөліктердегі температураны реттеу үшін қолданылады. Пайдаланушы қалаған температураны өздігінен орната алады.

Жұмыс температурасы мұздату бөлімшесінің төбелік тақтасында орналасқан термостаттың бұрылмалы реттегішімен басқарылады (сызбаны қараңыз). Теңшелімдерді 1-ден 7-ге дейінгі ауқымда орнатуға болады, мұндағы 7 - ең қатты салқындауға сәйкес келетін жайғасым.

Құрылғыны бірінші рет қосқан кезде термостатты 24 сағаттан кейін реттеу керек, тоңазытқыш камерасындағы температураның орташа мәні +5°C (+41 °F) аспайды. Термостаттың бұрылмалы реттегішін орташа күйге, яғни 1 мен 7 аралығына орнатуды және қажетті температураға қол жеткізу мақсатында біршама уақыт бақылау жүргізуді ұсынамыз. Реттегішті 5 жайғасымға орнатқан кезде тоңазытқыш камерасындағы температура төмендейді және керісінше. Тоңазытқыш камерасының кейбір бөліктерінде біршама төмен немесе одан жоғары болуы мүмкін (мысалы, жеміс-жидек пен көкөніс тартпасы орналасқан жерде және камераның жоғарғы жағында), бұл қалыпты жағдай.

Назар аударыңыз:

- Бұл бұйым N/ST / T климаттық класына жатады. Қоршаған ортаның температурасы 12°C-нан төмен болған жағдайда, бұл тоңазытқыш камерасындағы температураға әсерін тигізеді. Тамақ өнімдерін сақтауға қолайлы температураға қол жеткізу үшін тоңазыту және мұздату бөлімшелерінің термостаттарын COLDEST (МАКСИМАЛДЫ САЛҚЫНДАТУ) және MAX (МАКСИМУМ) деңгейлеріне орнату ұсынылады.
- Әрбір реттегіштің орналасу күйінің өзгеруі басқа бөлімшедегі температураға әсерін тигізеді.

Мұздатылған тамақ өнімдерді сақтау

- Мұздату камерасында температура 18 °C-нан төмен деңгейде сақталады. Мұнда температура тамақ өнімдерін ұзақ уақыт сақтауға мүмкіндік береді.
- Мұздатылған өнімдерді сатып алғаннан кейін оларды мұздату камерасына мүмкіндігінше тезірек қоюға тырысыңыз.



Тамақ өнімдерін сақтау

- Мұздату камерасына салмас бұрын кез келген дайын тағамдарды міндетті түрде бөлме температурасына дейін салқындату керек.
- Сұйықтықтармен толтырылған контейнерлерді мұздату камерасына қоймаңыз, өйткені, шыны сынып кетуі мүмкін.
- Мұздату камерасына салмас бұрын өнімдерді алдын ала сұрыптау ұсынылады. Бір типті өнімдерді бірге ұстаңыз, бұл мұздату камерасының есігі өнімдерді шығарған кезде ашылатын уақытты азайтуға және сәйкесінше электр қуатын үнемдеуге көмектеседі.
- Өнімдерді ауа ағынының кіріс немесе шығыс тесіктеріне тым жақын қоймаңыз. Бұл еркін ауа айналымына теріс әсер етуі мүмкін.





Есіктегі науа

- Тоңазытқыш камерасының есігінде орналасқан науаның түбінде бірнеше желдету саңылаулары бар. Науаны өнімдермен толтырған кезде олардың барлығын жаппауға тырысыңыз.



Мұз текшелерін жасауға арналған науа

- Бұл науа мұз текшелерін жасауға арналған.
- Науаның бестен төрт бөлігін салқын ауыз сумен толтырып, мұздату камерасына шамамен 2 сағатқа қойыңыз.
- Текшелер толық қатып қалған кезде, науаны шығарып алыңыз және мұз текшелерін шығару үшін оны түбін үстіге қаратып төңкеріңіз. Науаны зақымдамау үшін оны қатты қыспаңыз.



Техникалық қызмет көрсету

Тазарту



- Тазаламас бұрын әрдайым аспапты сөндіріп, электр тарату желісінің розеткасынан желілік кәбілдің ашасын алыңыз.
- Аспапты ішкі және сыртқы жағынан үнемі жуып отыру керек. Тазарту үшін су мен аз мөлшерде бейтарап жуғыш затты қолданыңыз. Қайнаған суды, агрессивті жуғыш заттарды, қышқылдарды, сілтілерді, бензинді және т. б. тазалау үшін ешқашан пайдаланбаңыз.

Су жинауға арналған науаны тазарту



- Су жинауға арналған науа корпустың артқы бөлігінде орналасқан. Оның қызметі - еріту кезінде пайда болатын суды жинау және буландыру. Әдетте бұл науа ерекше күтімді қажет етпейді, бірақ егер сіз оның толып кетуін немесе жағымсыз иістің пайда болуын байқасаңыз, оны тексеру және тазалау қажет болуы мүмкін. Ең алдымен, электр желісінің розеткасынан желілік кәбілді суырып шығарыңыз. Содан кейін науаны сәл көтеріп, тік ұстауға тырысып, абайлап шығарып алыңыз. (Алдын ала сақтандыру: су ағызу құбырының тым ыстық емес екеніне көз жеткізіңіз). Тазалағаннан кейін су жинайтын науаны бастапқы күйіне орнатыңыз. Науаны орнына қоймастан бұрын, құбырдың науаның үстінде дұрыс тұрғанына көз жеткізіңіз.



Аспапты сөндірулі күйінде қалдыру



- Егер сіз ұзақ уақыт бойы аспапты пайдаланбауды жоспарласаңыз, ең алдымен аспаптың желілік кәбілін электр желісінің розеткасынан алыңыз. Содан кейін аспапты мұқият жуыңыз. Есіктің жабылып қалмайтындығына көз жеткізіңіз (ол аздаған саңылау қалатындай сәл ашық болуы тиіс) және жағымсыз иісті болдырмау үшін аспапты жақсы желдетілетін орынға орналастырыңыз.

Ақауларды жою

Сервис орталығына хабарласпас бұрын келесі тексерулерді орындаңыз:

Ақаулықтың себебі

Ақау	Ықтимал себебі
Аспап жұмыс істемейді	• Электр желісінде кернеу жоқ • Электр желідегі төмен кернеу • Термостат реттегіші «Vacation» («Босату») жайғасымына орнатылған.
Аспап тиімсіз жұмыс істеп тұр	• Термостат реттегіші «МИН.» немесе «ЖЫЛЫ» жайғасымына орнатылған • Аспапқа тым көп тамақ өнімдері салынған. • Аспаптың ішіне ыстық өнімдер қойылған. • Есігі тым жиі ашылып-жабылған. • Жақын жерде жылу көзі орналасқан. • Аспап тікелей күн сәулесінің әсеріне ұшырайды.
Шуыл	• Еденнің беті тегіс емес, және аспап тұрақты орнатылмаған. • Ішіндегі өнімдер дұрыс қалыпта орналастырылмаған.
Өнімдер қатып қалып жатыр	• Температура реттегіші дұрыс күйге орнатылған ба? Теңшелімнің мәні тым жоғары болуы мүмкін бе? • Суық ауаның берілуіне тым жақын орналасқан өнімдер жоқ па?

Ақауларды жою

Келесі әсерлер қалыпты жағдай болып табылады:

- Қатты емес сылдырдың дыбысы жүйенің құбырлы коммуникацияларының ішінде ағып жатқан тоңазыту агентінің айналымына байланысты.
- Аспаптың жұмыс істеу барысында корпусының екі қабырғасы да қызады.
- Аспап орнатылған жерде қоршаған ортаның ылғалдылығы жоғары болған кезде, есіктің айналасындағы жиектерде ылғал пайда болуы мүмкін, оны кетіру үшін құрғақ майлықты қолданыңыз.

Ескерту

Бұл аспап үй шаруашылығында және басқа ұқсас ортада қолдануға арналған:

- дүкендердегі, кеңселердегі және басқа да жұмыс орталарындағы қызметкерлерге арналған асүй аймақтарында;
- коттеджде, қала сыртындағы үйлерде, қонақүйлердің, мотельдердің және уақытша тұруға арналған басқа да үй-жайлардың клиенттері;
- «Қонатын жер және таңертеңгілік ас» типті үй мейманханаларында;
- кейтеринг және азық-түлік бөлшек саудасынан басқа ұқсас қолданыстар үшін.

Ішкі жарықтандыру шамын ауыстыруды өндіруші, оның техникалық қызмет көрсету жөніндегі агенті немесе тиісті біліктілігі бар басқа тұлға орындауы тиіс.

Аспаптың ашасы аспап пайдаланылмаған кезде және пайдаланушы аспапты тазалау және күтім көрсету процедураларын жасамас бұрын электр желісінің розеткасынан алынуы керек.

Желілік кәбіл зақымданған болса, оны электр тоғымен зақымдануды болдырмау үшін өндіруші, өндірушінің техникалық қызмет көрсету жөніндегі агенті немесе басқа да білікті тұлғалар ауыстыруы тиіс.

Жарылғыш заттарды сақтау үшін аспапты пайдаланбаңыз, мысалы, сығылған газ құтылары және басқа ұқсас заттар.

ЕСКЕРТУ: Жабдықтың корпусындағы немесе оның ішкі құрылымындағы желдеткіш тесіктерді бұғатталмаған күйде ұстаңыз.

ЕСКЕРТУ: Ерітуді тездету үшін жабдықтың өндірушісімен ұсынылғаннан басқа механикалық құрылғыларды немесе өзге аспаптарды пайдаланбаңыз.

ЕСКЕРТУ: Салқындатқыш агент айналымының контуры бүлінбегеніне көз жеткізіңіз.

Тағам өнімдерін сақтауға арналған бөліктердің ішінде электр аспаптарын, егер олар жабдық өндірушісі пайдалануға ұсынған аспаптар түріне жатпаса, пайдаланбаңыз.

ЕСКЕРТУ: Аспабымында тұтанғыш оқшаулағыш газдар пайдаланылатын аспаптарға арналған ілеспе нұсқаулықтар аспапты кәдеге жарату жөніндегі ақпаратты қамтуы тиіс.

Осы бұйымды дұрыс кәдеге жарату	
	Осы бұйымды дұрыс кәдеге жарату Бұл таңбалама осы өнімді барлық ЕО аумағында басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдеге жаратуға болмайтындығын көрсетеді. Қоршаған ортаға немесе адам денсаулығына зиянды болдырмау үшін, қалдықтарды бақылаусыз кәдеге жаратудың нәтижесінде, материалдық ресурстарды тұрақты қайта пайдалануды ілгерілету арқылы аспапты жауапкершілікпен қайта өңдеуді ұйымдастырыңыз. Қолданыста болған аспапты қайтару үшін қайтару және жинау жүйелерін қолданыңыз немесе құрылғы сатып алынған бөлшек сатушыға хабарласыңыз. Оның ұйымында экологиялық қауіпсіз қайта өңдеуді жүзеге асыру үшін электртехникалық аспаптарды алып кету қызметі болуы мүмкін.

Энергия тиімділігі класы туралы ақпарат өнімде орналасқан

СИПАТТАМАСЫ \ ҮЛГІСІ			ASLI340WE/ASLW340WE
Өндіруші			CHINA
Тұрмыстық тоңазытқыштың түрі			Тоңазытқыш
Автоматты еріту жүйесі (No Frost)			-
Климаттық класс			SN, N, ST, T
Тоқпен зақымданудан қорғаудың класы			I
Пайдалы көлемі (литр)	Жалпы пайдалы көлемі (л)		550
	Балғын өнімдерді сақтауға арналған жалпы көлем (л)		510
	Мұздатылған өнімдерді сақтауға арналған жалпы көлем (л)	****	-
		**	-
Атаулы кернеу және жиілік (В, Гц)			220, 50
Толық кіріс қуаты (Ампер)			1.5
Жарықтандыру шамының максималды қуаты (Вт)			3
Энергетикалық тиімділік класы			A
Электр энергиясын тұтыну (кВт·сағ /жыл)			398
Мұздату қуаты, (кг/24 сағ)			-
Ең суық бөлімшенің таңбалау нышаны			-
Дыбыс қуатының түзетілген деңгейі (дБа)			41
Қаптамадағы салмақ (кг)			86
Қаптамасыз салмағы (кг)			83
Қаптамадағы габариттері (Е х Г х Б) (мм)			795 x 765 x 1860
Қаптамасыз габариттері (Е х Г х Б) (мм)			750 x 740 x 1825
Зертхананың мекенжайы және атауы			

Энергия тиімділігінің сипаттамалары РФ Өнеркәсіп және сауда министрлігінің 2010 жылғы 29 сәуірдегі №357 бұйрығына сәйкес анықталды

Назар аударыңыз

Тұрмыстық тоңазыту қондырғылары үшін

- Есікшені жиі ашпауға тырысыңыз, әсіресе ылғалды және ыстық ауа-райында. Есікшені ашқан сайын оны мүмкіндігінше тезірек жабуды ұмытпаңыз.
- Әрқашан аспаптың тиісті түрде желдетілуін қамтамасыз етіңіз (аспаптың артқы қабырғасының артындағы кеңістіктегі жеткілікті қарқынды ауа айналымы).
- Үйдегі тоңазытқыш қондырғылары үшін қалыпты температура жағдайында термостат реттегішін орташа күйге қойыңыз.
- Дайын тағамдарды құрылғыға салмас бұрын, олардың бөлме температурасына дейін салқындағанына көз жеткізіңіз.
- Егер сыртқы буландырғыш қолданылса, артқы қабырға әрдайым шаңнан және басқа да кірден тазартылуы тиіс.
- Әрқашан «Орналастыру» және «Электр энергиясын үнемдеу» бөлімдеріндегі нұсқауларды орындаңыз.

Есіктердің тұтқаларын орнату бойынша нұсқаулар

1. Пластик пакеттен пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен бірге тұқаны орнатуға арналған бұрандаларды алыңыз, бұрандаларды есіктегі тесікке орнату үшін крест тәрізді ұшы бар бұрағышты қолданыңыз.

2. Тоңазытқыштың есігіне арналған тұтқаны алыңыз. Ұзын тұтқа - төменгі есікке, қысқасы - жоғарғы есікке арналған. Тұтқаны жоғарыдан төменге қарай соғып орнату үшін резеңке балғаны немесе басқа ұқсас аспапты қолданыңыз. Орнатқаннан кейін, оның мықтап орнатылғанына көз жеткізу үшін тұтқаны тартып көріңіз.

3. Дәл осылай әрекет ете отырып, екінші тұтқаны орнатыңыз.

4. Барлығы дайын.

Өндіруші:
МЭДЖИК ЭППЛАЙЭНС КОРПОРЕЙШН, Итали Индастри Парк,
Танкоу Роуд, Экономик энд Технолоджи Зоун, Хэфэй, Қытай.

Импорттаушы:
«АСКОЛИ КУХОННЫЕ СИСТЕМЫ» ЖШҚ
Ресей, Мәскеу, Мир даңғылы, 106, 28-бөлм. (321-кеңсе)
Телефон: +7 495 682 48 77